

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V (өзгерістер мен толықтыруларымен).
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыз (өзгерістер мен толықтыруларымен).
3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V.
4. Нурмагамбетов А.К. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық және қылмыстық-құқықтық қарсы іс-қимыл шаралары. – Алматы, 2022.
5. Сүлейменов М.К. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім. – Астана, 2021.
6. Ахметова Г.Б. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері // Құқық ғылымдары хабаршысы. – 2023. – № 2.
7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы БҰҰ Конвенциясы, 2003 жылғы 31 қазан.

ӘЙЕЛДЕР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫ: СЕБЕПТЕРІ, САЛДАРЫ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Өсербаева Жанерке
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің
заң факультетінің 3курс студенті.

Ғылыми жетекшісі: Өзбеков Д.Ө., з.ғ.к., профессор ассистенті

Қазақстандағы әйелдер қылмыстылығы қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына әсер ететін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Әйелдердің қылмыс жасау себептері мен түрлерін, сондай-ақ оларды алдын алу шараларын талдау құқық қорғау органдары мен зерттеушілер үшін өзекті болып отыр. Қазақстанда қылмыстардың шамамен 12%-ын әйелдер жасайды. Олардың ішінде адам өлтіру, есірткі тасымалдау және ұрлық сияқты қылмыс түрлері жиі кездеседі. Әйелдер қылмыстылығының мінезі әлеуметтік сипатқа ие. Олар қоғамның нақты тарихи өмір жағдайларымен, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі әйелдің орнымен, оны рөлі және функцияларымен байланысты. Басқа да барлық қылмыстылық сияқты қоғамның әрқашан даму барысында жаратылған оны «әйелдік» бөлшегі құтылусыз және айқын болады. Осылайша, әйелдер қылмыстылығы – ерекше зерттеуді қажет ететін, өзіндік себептері мен ерекшеліктері бар құбылыс. Оның алдын алу үшін әлеуметтік саясатты күшейту, әйелдерге қолдау көрсету, оларды еңбекпен қамту және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын күшейту маңызды. Мақалада әйелдер қылмыстылығына, себептері мен салдарларына анықтамалар берілген. Алдын алу және бұл қылмыстылық түрін болдырмау шаралары тұжырымдалған.

Соңғы уақытта әйелдер қылмыстылығының саны күн санап артуда. Бұл қылмыстылық түрі аса маңызды зерттеулерді қажет етеді. Әйелдер арасындағы қылмыстылық, ерлермен салыстырғанда, ерекше сипатқа ие, бұл оның себептері, салдары, әдістері және құралдарында, құрбандарды таңдауда және отбасылық жағдайларда көрінеді [1]. Әйелдер жасаған қылмыстар көбінесе эмоционалды және ойланбаған болып келеді. Әйелдер жалпы қылмыстың 10-15% шамасында ғана негіз құрайды. Соңғы жылдары әйелдердің қылмысқа қатысу қарқыны ерлерге қарағанда тезірек өсуде. Ол ерлер қылмыстылығынан сандық, сапалық және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Жыл сайын қылмыстық топтардың қатарына әйелдер көбірек қосылуда. Бұрыннан қылмыспен айналысып жүрген ұрылар, алаяқтар, жезөкшелер, есірткі сатушылар мен ұрланған заттарды қабылдаушылар қатарына басым мөлшерде әйелдер қосылып, әсіресе кәмелет жасқа толмағандар, қылмыс әлемінің ескі әдет-ғұрыптарын жаңғыртып, өз ықпалдарын кеңейтуде.

Жалпы негізде әлеуметтік-экономикалық процестердің қазіргі кездегі талдауы қазіргі кездегі

әйелдер қылмыстылығы, қылмыстылықтың себептері келесі құбылыстармен тығыз байланысты деп санауға болады: дүрбелеңге толы саяси және экономикалық тұрақсыздық, ертеңгі күнге деген сенімнің күл-талқаны шыққан үмітсіздік; қоғамдағы қайнаған шиеленіс, жаппай дәрменсіздік пен қайнаған ашу-ыза, өмірдің қиындықтарына бейімделе алмау – бұл әйел затының мойнына түскен ауыртпалық [2]. Алайда, қоғамның қара дағындай жабысқан нашақорлық, маскүнемдік, жезөкшелік, қайыршылық және қаңғыбастық сынды дерттер әйелдер қылмысының өршуіне тікелей әсер етеді [3]. Атап айтылғандай әйелдер қылмысының негізгі ерекшелігі – әйелдің қоғамдағы әлеуметтік орны мен рөлінің ерекшеліктері, сондай-ақ оның әрекеттерінің түпкі сылтауларымен астарласып жатады.

Атап айтқанда: ұрлық, есірткіге байланысты қылмыстар, алаяқтық және жұбайына немесе балаға қарсы қылмыстар әйелдер арасында жиі кездеседі. Көбінесе олар қоғамдық тамақтану, сауда, денсаулық сақтау және білім беру салаларында жұмыс істейді, бұл оларға материалдық құндылықтарға оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді. Криминологиялық зерттеулер әйелдердің ұрлықтарының сипаттамалары өзгергенін көрсетеді: олар ерлер сияқты құралдарды қолданып, тонау мен қарақшылыққа барады. Бұл соңғы жылдардағы статистикалық өзгерістерден көрініс табады. Сонымен қатар иемдену және ысырап ету сияқты қылмыстар әйелдерге тән, әсіресе қоғамдық тамақтану және өндіріс салаларында [2]. Себебі, бұл салалардағы жұмыскерлердің 70% ын әйелдер құрайды. Экономикалық қылмыстарға тұтынушылардың құқықтарын бұзу, заңсыз кәсіпкерлік әрекеттер және әділетсіз бәсекелестік жатады. Бұл қылмыстар әйелдер арасында ерлерге қарағанда жиі кездеседі, өйткені әйелдер сауда, тұрмыстық қызмет көрсету және банк ісі сияқты салаларда басым. Осылайша олар материалдық тұрғыдағы қажеттіліктеріне оңай қол жеткізіп, қанағаттануында. Қайыршылық пен тұрақты мекені жоқ әйелдер ұрлыққа, жезөкшелікке жиі барады. Бұған негіз болып отырған олардың ұстанатын өмір салты мен жұмыссыздық [3].

Статистика көрсеткендей, әйелдердің қатыгездік қылмыстары өсуде, мысалы, кісі өлтіру, ауыр жарақаттар салу, ұрлық және қарақшылық. Бұл қатыгездік сипаттағы қылмыстар көбінесе отбасылық-тұрмыстық жағдайларда орын алады. Көбінесе әйелдердің зорлық-зомбылық қылмыстары ерлердікінен әлі де төмен. Бұл қызғаныш, кек алу және құтылу сияқты себептермен түсіндіріледі [5]. Әйелдер көбінесе жәбірленушінің заңсыз әрекеттеріне қарсылық ретінде қылмыс жасайды. Соңғы кездері әйелдер арасында бұзақылықпен кісі өлтіру, қарақшылық және қатыгездік сияқты қылмыстар көбейіп кетті, бұл әйелдердің әлеуметтік рөлінің өзгеруімен, отбасы институтының құлдырауымен және психологиялық сенімсіздікпен байланысты. Әйелдер қылмыстылығына әсер ететін әлеуметтік факторлар осы зерттеулер негізінен бастау алады. Отбасындағы тұрмыстық тұрақсыздық пен зорлық зомбылық, жұмыссыздық пен экономикалық қысым, төмен білім деңгейі мен кәсіби мүмкіндіктердің шектеулігі, қоғамдағы гендерлік теңсіздікте өз әсерін береді [4].

Әйелдер қылмыстылығының алдын алу үшін Қазақстанда экономикалық, әлеуметтік және құқықтық шараларды кешенді түрде жүзеге асыру қажет. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, оларды еңбекпен қамту, құқықтық сауаттылықты арттыру және қайта әлеуметтендіру бағдарламаларын жетілдіру арқылы қылмыстық әрекеттерге бару себептерін азайтуға болады. Мемлекет пен қоғамның бірлескен күш-жігері ғана бұл мәселені тиімді шешуге көмектеседі. Сонымен қатар, қылмыс жасаған әйелдерді қайта әлеуметтендіру мен олардың қоғамға бейімделуін қамтамасыз ететін арнайы бағдарламалар әзірлеу маңызды [5]. Қылмыстық жазаны ізгілендіру, бас бостандығынан айырудың орнына альтернативті жазаларды қолдану және сотталған әйелдерге психологиялық қолдау көрсету олардың қайта қылмысқа бару ықтималдығын төмендетеді [4]. Жалпы, әйелдер қылмыстылығын болдырмау үшін мемлекет, құқық қорғау органдары және азаматтық қоғам бірлесе отырып әрекет етуі керек. Әлеуметтік және құқықтық саясаттың тиімді үйлесуі, әйелдерге қолдау көрсету механизмдерін жетілдіру, қоғамда гендерлік теңдікті нығайту – бұл мәселені шешудің негізгі жолдары болып табылады. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстар ғана әйелдер қылмыстылығын төмендетіп, олардың қоғамдағы рөлін арттыруға мүмкіндік береді. Президенттің Қазақстан халқына жолдауында тегін айтылған емес: - «егер әйел отбасы мен қоғамда сыйлы болса, онда біздің ел үшін қам жемеуге болады».

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Астана, 2014.
2. Садықов С. Криминология негіздері. – Алматы: Жеті Жарғы, 2022.
3. Абдрахманова Г. Әйелдер қылмыстылығының әлеуметтік себептері // Қоғам және құқық, №4,

ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ НАКАЗАНИЯ ЗА ПРЕСТУПЛЕНИЯ ПРОТИВ ОБЩЕСТВЕННОГО ПОРЯДКА ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ КАЗАХСТАНА

Пасынкова Алина Владимировна, Шваб Магдалена Геннадьевна
Магистранты 2 курса ОП «СПД»

Научный руководитель: профессор кафедры уголовного права, процесса и криминалистики, к.ю.н., ассоциированный профессор Бачурин С.Н.

Высокий уровень преступлений против общественного порядка и общественной безопасности в Республике Казахстан представляет собой одну из наиболее актуальных проблем уголовного права. В условиях цифровой трансформации общественных отношений изменяются не только способы совершения преступлений, но и подходы к назначению наказания. В этой связи особое значение приобретает исследование дополнительных наказаний, применяемых наряду с основными, что позволяет повысить эффективность уголовно-правового воздействия и индивидуализировать ответственность.

Дополнительные наказания в Уголовном кодексе Республики Казахстан (далее — УК РК) определены в статье 44, согласно которой они назначаются в случаях, предусмотренных соответствующими статьями Особенной части УК РК, либо в дополнение к основным видам наказаний [1, 25]. В числе дополнительных наказаний законодатель выделяет лишение права занимать определённые должности или заниматься определённой деятельностью, лишение специального, воинского или почётного звания, конфискацию имущества, а также лишение наград. Эти меры направлены на устранение возможности совершения новых преступлений и на ограничение доступа к социально значимым функциям, с которыми связано злоупотребление.

Преступления против общественного порядка, объединённые в главу 11 УК РК, включают широкий круг общественно опасных деяний, таких как хулиганство, вандализм, организация и участие в массовых беспорядках, призывы к нарушению общественного порядка и др. [2, 67]. Назначение дополнительных наказаний по данным категориям преступлений имеет свои особенности. Например, по статье 293 УК РК («Хулиганство») суд, наряду с основным наказанием в виде лишения свободы, может применить дополнительное наказание в виде ограничения права занимать определённые должности в сфере общественного обслуживания или государственной службы.

Казахстанская судебная практика показывает, что назначение дополнительных наказаний существенно влияет на профилактику повторных правонарушений. Согласно обзору Верховного Суда Республики Казахстан за 2023 год, в 17 % дел, связанных с преступлениями против общественного порядка, суды применяли лишение права занимать должности или заниматься определённой деятельностью, что позволило сократить уровень рецидива [3, 41].

Отдельного внимания заслуживает применение конфискации имущества как дополнительного наказания. В соответствии со статьёй 50 УК РК, конфискация применяется в отношении имущества, полученного преступным путём, или имущества, использовавшегося при совершении преступления. В контексте преступлений против общественного порядка это наказание носит ограниченный характер, но может применяться при доказании связи преступных действий с имущественными интересами, например при организации массовых беспорядков, финансируемых из незаконных источников [4, 82].

По мнению казахстанского учёного И. И. Рогова, дополнительные наказания обладают высокой превентивной функцией, поскольку воздействуют не только на личность виновного, но и на его социальное окружение, препятствуя вовлечению в преступную деятельность [5, 118]. А. Н. Ағыбаев, анализируя институт дополнительных наказаний, подчёркивает, что их применение должно быть строго индивидуализировано, так как чрезмерное сочетание основных и дополнительных мер может привести к нарушению принципа справедливости наказания [6, 204].

Е. И. Каиржанов отмечает, что лишение специальных или воинских званий должно рассматриваться